



## **ХАБАРЛАНДЫРУ**

### **2026 жылғы 1 шілдеде Алматы қаласында өтетін ЕО санкцияларына арналған семинар**

2026 жылғы 1 шілдеде Еуропалық Одақ Алматы қаласында ЕО санкцияларына арналған бір күндік оқыту семинарын ұйымдастырады.

Семинардың негізгі мақсаты – ЕО санкциялары және оларды қолдану жөніндегі хабардарлықты арттыру, сондай-ақ аталған шараларды айналып өту әрекеттерінің алдын алу бағытындағы ынтымақтастықты нығайту.

ЕО тарапынан қатысатын тренерлер тобының құрамына Еуропалық комиссияның санкциялар жөніндегі сарапшылары, ЕО мүше мемлекеттерінің өкілдері, сондай-ақ жеке сектор сарапшылары кіреді.

**Іс-шараның алдын ала күн тәртібімен мына сілтеме арқылы танысуға болады: [сілтеме](#)**

Семинарға қатысу тегін және ЕО санкциялары бойынша өз білімдері мен түсініктерін арттыруға мүдделі жеке сектор өкілдеріне арналған. **Қатысуға ниетті компаниялар келесі сілтеме арқылы тіркеле алады: [сілтеме](#)**

Семинар Алматы қаласында өтеді (өткізу орны расталған қатысушыларға электрондық пошта арқылы хабарланады). Жұмыс тілдері – ағылшын және орыс тілдері. Семинар гибриді форматта өткізіледі, яғни қатысушылар офлайн немесе Zoom платформасы арқылы онлайн қатыса алады. Тіркелу кезінде өзіңізге ыңғайлы қатысу форматын көрсетуіңізді сұраймыз.

**Тіркелудің соңғы мерзімі – 2026 жылғы 22 маусым.** Осы күннен кейін қатысу электрондық пошта арқылы расталады.

Семинар Халықаралық Ғылым және Технология Орталығының (ISTC) қолдауымен ұйымдастырылады.

Семинарға қатысты сұрақтар бойынша келесі электрондық поштаға хабарласуға болады: [SanctionsKZ@istc.int](mailto:SanctionsKZ@istc.int).